

Алматы облысы Панфилов ауданы бойынша мемлекеттік қызметтерді ішкі мемлекеттік бақылау бойынша талдамалық анықтама

2017 жылдың 3-тоқсанына (жыл басынан бастап) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтің 92 түрінен мемлекеттік орган арқылы қағаз түрінде 18 825 қызмет көрсетілді. Оның ішінде көрсетілетін қызметті берушілермен (Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілгендерді қоспағанда) қағаз түрінде көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны – 12 124, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді "электрондық үкімет" веб-порталы және (немесе) Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету мүмкіндігі болса да, қызметті берушілермен (Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілгендерді қоспағанда) қағаз түрінде көрсетілгендер саны – 3289, электрондық түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны – 3 412, Мемлекеттік корпорация арқылы – 9055.

2017 жылдың 3-тоқсанына Панфилов ауданы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына ішкі бақылауға жауапты аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру бөлімшесі барлығы 8 бақылау іс-шарасын жүргізді.

Бақылау іс-шаралары «Панфилов ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі», «Панфилов ауданының спорт және дене шынықтыру бөлімі», «Панфилов ауданының жер қатынастар бөлімі», «Панфилов ауданының білім бөлімі», «Панфилов ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі», «Панфилов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі», «Панфилов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі», «Панфилов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемелерінде жүргізілді. Нәтижесі бойынша бес мекемеге көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында аудандық газетте, аудан әкімінің ресми сайтына материал беру, қызмет алушылар арасында кеңінен насихаттау ұсынылды, «Панфилов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманына, «Панфилов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы» МКК-ның 2 маманына «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту, Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының бұзылуы фактілерін, қарау мерзімдері бұзылған мемлекеттік қызметтер тіркелген жоқ, оның көрсету сапасына шағымдар түскен жоқ.

Ауданда жалпы мемлекеттік қызметтерді кеңінен насихаттау, көрсету сапасын арттыру мақсатында 3-тоқсанда аудандық «Жаркент өңірі» газетіне 12, аудан әкімінің ресми сайтына (www.panfilov-akimat.gov.kz) 11 мақала жарияланды. Жалпы жыл басынан бері 3-тоқсанға 653 адамға 69 түсіндірме іс-шаралары жүргізілді.

Жаркент қаласы және ауылдық округ әкімі аппараттарында жер қатынастар саласында көрсететін қызметтерді түсіндіру, мерзімінің бұзылуына жол бермеу, мамандардың жауапкершілігін көтеру мақсатында ағымдағы жылдың қыркүйек айында жер қатынастары бөлімі, сәулет және қала құрылысы

бөлімі, аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ әкімдерінің қатысуымен семинар өткізілді.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты ХККО Панфилов аудандық филиалы қызметкерлерімен бірлесіп өткізген семинардан кейін «Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау» мемлекеттік қызметі ағымдағы жылдың тамыз айынан бастап қызмет көрсетудің біртұтас провайдері болып табылатын Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілуге көшілірілді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қызмет көрсететін барлық мемлекеттік органдарда стенд жасалып, стандарт пен регламент мәтіні ілінген, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қатысты арыз, шағымдар болған жағдайда хабарласуға болатын байланыс телефондары жазылып, арнайы жәшік қойылған.

Хаттамалардың, актілердің, мақалалардың көшірмелері, скрин-шоттары қосымша тіркеледі.

Панфилов ауданы әкімі
аппараты басшысының у.м.а.

 С.Теткусизова